

## **Жетісу облысының 2022-2024 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы**

Жетісу облыстық мәслихатының 2022 жылғы 11 тамыздағы № 7-19 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылы 15 тамызда № 29116 болып тіркелді.

**Ескерту. 01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімінің 10-тармағымен.**

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 8, 75-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6–бабының 1–тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Жетісу облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2022-2024 жылдарға арналған облыстық бюджет тиісінше осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2022 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер 338 786 305 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша 25 301 894 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша 3 480 291 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша 0 теңге;

трансферттер түсімдері бойынша 310 004 120 мың теңге;

2) шығындар 336 326 271 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу 4 556 100 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер 10 143 428 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу 5 587 328 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо 0 теңге, оның ішінде:

қаржылық активтерді сатып алу 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) (-) 2 096 066 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) 2 096 066 мың теңге, оның ішінде:

қарыздар түсімі 8 127 765 мың теңге;

қарыздарды өтеу 6 031 699 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары 0 теңге.

**Ескерту. 1 - тармақ жаңа редакцияда – Жетісу облыстық мәслихатының 23.11.2022 № 12-36 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

2. Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы" коды бойынша түсімдер

аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар бойынша 100% мөлшерінде аудандық және облыстық маңызы бар қалалық бюджетке түсетіні белгіленсін.

**Ескерту. 2 - тармақ жаңа редакцияда – Жетісу облыстық мәслихатының 01.09.2022 № 9-21 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

3. Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы" және "Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы" кодтары бойынша түсімдер 100% мөлшерінде облыстық бюджетке түсетіні белгіленсін.

**Ескерту. 3 - тармақ жаңа редакцияда – Жетісу облыстық мәслихатының 01.09.2022 № 9-21 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

4. Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Әлеуметтік салық" коды бойынша түсімдер 100% мөлшерінде облыстық бюджетке түсетіні белгіленсін.

5. Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы" коды бойынша түсімдер аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар бойынша 100% мөлшерінде аудандық және облыстық маңызы бар қалалық бюджетке түсетіні белгіленсін.

**Ескерту. 5 - тармақ жаңа редакцияда – Жетісу облыстық мәслихатының 01.09.2022 № 9-21 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

6. Бірыңғай бюджеттік сыныптаудың кірістер сыныптамасының "Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары" коды бойынша түсімдер 100% мөлшерінде облыстық бюджетке түсетіні белгіленсін.

6-1. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте облыстық бюджеттен аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге берілетін бюджеттік субвенциялардың көлемдері 55 045 400 мың теңге сомасында көзделсін,

оның ішінде:

Ақсу ауданына – 5 606 048 мың теңге;

Алакөл ауданына – 4 945 693 мың теңге;

Ескелді ауданына – 4 872 537 мың теңге;

Қаратал ауданына – 4 124 372 мың теңге;

Кербұлақ ауданына – 6 421 048 мың теңге;

Көксу ауданына – 4 798 363 мың теңге;

Панфилов ауданына – 5 649 766 мың теңге;

Сарқан ауданына – 4 698 177 мың теңге;

Талдықорған қаласына – 11 978 859 мың теңге;

Текелі қаласына – 1 950 537 мың теңге.

Көрсетілген бюджеттік субвенцияларды аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге бағыттар бойынша бөлу Жетісу облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

6-2. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен 75 846 668 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер түсімдері көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

білім беруге 51 841 280 мың теңге;

денсаулық сақтауға 2 365 280 мың теңге;

әлеуметтік көмекке 13 039 742 мың теңге;

аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері сайлауын қамтамасыз етуге және өткізуге 191 109 мың теңге;

мәслихаттар депутаттары қызметінің тиімділігін арттыруға 30 310 мың теңге;

азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге 4 058 184 мың теңге;

мемлекеттік мәдениет ұйымдарының және архив мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және архив мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысына қосымша ақылар белгілеуге 556 981 мың теңге;

дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік орта және қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбекақысын ұлғайтуға 1 035 926 мың теңге;

дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік ұйымдардың медицина қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға 73 415 мың теңге;

арнаулы мекемелердің, айдауыл қызметінің, кезекші бөлімдердің және жедел басқару орталықтарының, кинологиялық бөлімшелердің қызметкерлеріне және учаскелік полиция инспекторларының көмекшілеріне тұрғын үй төлемдеріне 136 395 мың теңге;

ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларын көтеруге 221 181 мың теңге;

ішкі істер органдарының қосымша штат санын ұстауға және материалдық-техникалық жарақтандыруға 90 056 мың теңге;

ішкі істер органдарының азаматтық қызметшілері қатарындағы медицина қызметкерлерінің жалақысын көтеруге 4 484 мың теңге;

көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға 1 277 730 мың теңге;

"Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беруге 20 000 мың теңге;

"Ауыл – Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым жөніндегі іс-шараларды іске асыруға 1 111 791 мың теңге.

**Ескерту. 6-2 - тармақ жаңа редакцияда – Жетісу облыстық мәслихатының 23.11.2022 № 12-36 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

6-3. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен 30 534 429 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер түсімдері көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

орта білім беру объектілерінің құрылысына 5 667 348 мың теңге;

денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялауға 1 547 532 мың теңге;

тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020-2025 жылдарға "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде әлеуметтік-осал топтар мен аз қамтылған көпбалалы отбасылар үшін коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) реконструкциялауға 1 745 721 мың теңге;

тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020-2025 жылдарға "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға 1 150 768 мың теңге;

тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға 2 639 760 мың теңге;

жер үсті су ресурстарын ұлғайтуға 1 405 090 мың теңге;

газ тасымалдау жүйесін дамытуға 6 057 313 мың теңге;

көліктік инфрақұрылымды дамытуға 4 978 054 мың теңге;

"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға 3 364 479 мың теңге;

облыс орталықтарына инженерлік және көліктік (абаттандыру) инфрақұрылымын дамытуға 500 000 мың теңге;

Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын және моноқалалардағы бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға 890 000 мың теңге;

Алакөл көлі туристік аймағының сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға 3 252 330 мың теңге.

**Ескерту. 6-3 - тармақ жаңа редакцияда – Жетісу облыстық мәслихатының 23.11.2022 № 12-36 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

6-4. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен 2 494 608 мың теңге сомасында қарыздар түсімдері көзделсін.

**Ескерту. 6-4 - тармақ жаңа редакцияда – Жетісу облыстық мәслихатының 21.10.2022 № 11-30 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

6-5. Жетісу облысының жергілікті бюджетінің шығыстарын үздіксіз қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін 2022 жылға арналған облыстық бюджетте Алматы облысының бюджетінен 180 375 440 мың теңге сомасында трансферттер түсімдері көзделсін.

6-6. Жетісу облысы бойынша 2022 жылға тұрғын үй жобалауға және салуға 5 690 181 мың теңге сомасында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар шығару мақұлданын.

**Ескерту. 6-6 - тармақ жаңа редакцияда – Жетісу облыстық мәслихатының 23.11.2022 № 12-36 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

6-7. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттердің көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

мамандарды әлеуметтік қолдау көрсету шараларын іске асыруға;

жеке көмекшілердің қызметін төлеуге;

еңбек нарығын дамытуға;

Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсартуға;

жұмыспен нәтижелі қамтуды қамтамасыз етуге және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға

;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге;

мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялауға;

"Ауыл – Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға.

Көрсетілген трансферттерді аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге бөлу Жетісу облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

6-8. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттердің көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020-2025 жылдарға "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға;

тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020-2025 жылдарға "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде әлеуметтік-осал топтар мен аз қамтылған көпбалалы отбасылар үшін коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) реконструкциялауға;

тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға;

"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамытуға;

жылу-энергетикалық жүйесін дамытуға;

коммуналдық шаруашылықты дамытуға;

Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын және моноқалалардағы бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға.

Көрсетілген трансферттерді аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге бөлу Жетісу облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

6-9. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге кредиттер көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер;

азаматтарға "7-20-25" бағдарламасы бойынша бастапқы жарнасының бөлігін төлеу үшін әлеуметтік қолдауға берілетін бюджеттік кредиттер;

кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге берілетін бюджеттік кредиттер.

Көрсетілген кредиттерді аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге бөлу Жетісу облысы әкімдігінің қаулысы негізінде айқындалады.

6-10. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте заңнаманың өзгеруіне байланысты аудандық бюджеттерден, облыстық маңызы бар қалалардың бюджеттерінен 21 734 300 мың теңге сомасында трансферттердің түсімдері көзделсін.

**Ескерту. 6-10 - тармақ жаңа редакцияда – Жетісу облыстық мәслихатының 23.11.2022 № 12-36 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

6-11. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте қоршаған ортаны қорғау және объектілерді дамыту жөніндегі іс-шараларды өткізуге 113 598 мың теңге сомасында көзделсін.

**Ескерту. 6-11 - тармақ жаңа редакцияда – Жетісу облыстық мәслихатының 23.11.2022 № 12-36 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

6-12. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге және көлік инфрақұрылымын дамытуға 8 580 286 мың теңге сомасында көзделсін.

**Ескерту. 6-12 - тармақ жаңа редакцияда – Жетісу облыстық мәслихатының 23.11.2022 № 12-36 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

6-13. Жетісу облысы әкімдігінің 2022 жылға арналған резерві 565 737 мың теңге сомасында бекітілсін.

**Ескерту. 6-13 - тармақ жаңа редакцияда – Жетісу облыстық мәслихатының 23.11.2022 № 12-36 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

**Ескерту. Шешім 6-1, 6-2, 6-3, 6-4, 6-5, 6-6, 6-7, 6-8, 6-9, 6-10, 6-11, 6-12, 6-13-тармақтармен толықтырылды – Жетісу облыстық мәслихатының 01.09.2022 № 9-21 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

7. 2022 жылға арналған облыстық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын облыстық бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесі осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

8. Аудан мен қала әкімдері облыс бюджетінің салықтар мен төлемдер бойынша болжамды көрсеткіштерінің толық және сапалы орындалуын, шаруашылық субъектілердің барлық деңгейдегі бюджетке берешегін азайтуды және қосымша кіріс көздерін табуды қамтамасыз етсін.

9. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың "Бюджет, тарифтік саясат және заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету мәселелері бойынша" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

10. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат хатшысы

Г. Тойлыбаева

Жетісу облыстық мәслихатының "  
Жетісу облысының 2022-2024  
жылдарға арналған облыстық бюджеті  
туралы" шешіміне 1-қосымша

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – Жетісу облыстық мәслихатының 23.11.2022 № 12-36 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

Санаты		Сынып		Сомасы, мың теңге
		Ішкі сынып	Атауы	
			I. Кірістер	338 786 305
1			Салықтық түсімдер	25 301 894
	01		Табыс салығы	14 104 479
		2	Жеке табыс салығы	14 104 479
	03		Әлеуметтік салық	10 566 041
		1	Әлеуметтік салық	10 566 041
	05		Тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	631 374
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	569 091
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	62 283
2			Салықтық емес түсімдер	3 480 291
	01		Мемлекет меншігінен түсетін түсімдер	1 963 393

		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақы	1 963 393
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1 475 600
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1 475 600
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	41 298
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	41 298
4			Трансферттердің түсімдері	310 004 120
			Төмен тұрған мемлекеттік басқару	



	01		органдарынан трансферттер	23 247 583
		2	Аудандық (қалалық) ) бюджеттерден трансферттер	23 247 583
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	106 381 097
		1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	106 381 097
	03		Облыстық бюджеттеріне, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттеріне берілетін трансферттер	180 375 440
		1	Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің басқа облыстық бюджеттермен, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерімен өзара қатынастары	180 375 440

Функционалдық топ					Сомасы, мың тенге
Кіші функция					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
				Атауы	
				II. Шығындар	336 326 271
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	3 483 724
				Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын	

	1			орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	2 806 602
		110		Облыс мәслихатының аппараты	114 164
			001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	83 854
			005	Мәслихаттар депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру	30 310
		120		Облыс әкімінің аппараты	2 345 132
			001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 119 119
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	17 961
			007	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	16 943
			009	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	191 109
		752		Облыстың қоғамдық даму басқармасы	116 892

			075	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз	116 892
		282		Облыстың тексеру комиссиясы	230 414
			001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	207 914
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	22 500
	2			Қаржылық қызмет	132 346
		257		Облыстың қаржы басқармасы	86 989
			001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру	80 755
			009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	6 234
		718		Облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасы	45 357
				Жергілікті деңгейде мемлекеттік	

			001	сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	45 357
	5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	544 776
		258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	544 776
			001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	279 714
			005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 411
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	263 651
02				Қорғаныс	472 942
	1			Әскери мұқтаждар	296 742
		120		Облыс әкімінің аппараты	296 742
			010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	112 366
			011	Аумақтық қорғанысты даярлау және о б л ы с	184 376

				ауқымдағы аумақтық қорғаныс	
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	176 200
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	8 588
			002	Жұмылдыру дайындығы мен төтенше жағдайлардың объектілерін дамыту	8 588
		287		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	167 612
			002	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	125 846
			004	Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	41 766
03				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	6 477 749

	1			Құқық қорғау қызметі	6 477 749
		252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	6 459 667
			001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 818 721
			003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	1 608
			006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	639 338
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	18 082
			003	Ішкі істер органдарының объектілерін дамыту	18 082
04				Білім беру	164 114 511
	1			Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту	15 070 504
		261		Облыстың білім басқармасы	15 070 504
			200	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету және оларда	738 996

				медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	
			202	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	14 331 508
	2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	129 054 073
		261		Облыстың білім басқармасы	105 081 485
			003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	1 293 347
			006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	1 746 638
			055	Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру	1 906 551
			082	Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру	77 294 774
			083	Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру	106 221

			203	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға	22 733 954
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	16 018 120
			086	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	16 018 120
		285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	7 954 468
			006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	6 612 132
			007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	1 342 336
4				Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	9 192 368
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	395 781
			043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	395 781



		261		Облыстың білім басқармасы	8 796 587
			024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	8 777 706
			089	Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру	18 881
5				Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру	1 009 466
		120		Облыс әкімінің аппараты	22 266
			019	Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	22 266
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	78 268
			003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	78 268
		261		Облыстың білім басқармасы	908 932
			052	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау	908 932
				Жоғары және жоғары оқу	

	6			орнынан кейін білім беру	924 827
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	171 105
			057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	171 105
		261		Облыстың білім басқармасы	753 722
			057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	753 722
	9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	8 863 273
		261		Облыстың білім басқармасы	8 863 273
			001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	392 507
			004	Мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру жүйесін ақпараттандыру	64 680
			005	Мемлекеттік білім беру ұйымдар үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік	1 144 742

				кешендерді сатып алу және жеткізу	
			007	Облыстық, аудандық (қалалық) ауқымдардағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	147 115
			011	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	240 634
			012	Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	530 510
			029	Білім беру жүйесін әдістемелік және қаржылық сүйемелдеу	803 038
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	5 231 754
			080	Нұрсұлтан Назарбаев Қорының "ELUMITI" таланттарын анықтау және қолдау бастамасын іске асыру	17 599

			086	Жетім баланы ( жетім балаларды ) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін	1 522
			087	Жетім баланы ( жетім балаларды ) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы ( балаларды) күтіп-ұстауға	289 172
05				Денсаулық сақтау	8 003 271
	2			Халықтың денсаулығын қорғау	3 499 134
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	1 686 900
			006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	344 207
			007	Салауатты өмір салтын насихаттау	19 796
			041	Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету	1 322 897
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	1 812 234
				Денсаулық сақтау	

			026	объектілерін сейсмикалық күшейту	300
			038	Деңсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциял ау	1 811 934
	3			Мамандандыры лған медициналық көмек	1 935 749
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	1 935 749
			027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандыр ылған сатып алу және сақтау	1 935 749
	4			Емханалар	100 804
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	100 804
			039	Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін көмекті қоспағанда ауылдық денсаулық сақтау субъектілерінің амбулаториялық -емханалық қызметтерді және медициналық қызметтерді	100 804

				көрсетуі және Call-орталықтардың қызмет көрсетуі	
5				Медициналық көмектің басқа түрлері	44 952
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	44 952
			029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	44 952
9				Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	2 422 632
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	2 422 632
			001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	55 643
			008	Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	53 682
			016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	8 086

			018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	43 512
			033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	2 261 709
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	22 640 305
	1			Әлеуметтік қамсыздандыру	5 592 451
		256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	4 940 031
			002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	859 046
				Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік	

			013	қызметтер көрсету орталықтарында , әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 999 251
			014	Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 483 878
			015	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде ( ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында , әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	597 856
		261		Облыстың білім басқармасы	652 120



			015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	395 086
			037	Әлеуметтік сауықтандыру	155 891
			092	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	48 777
			201	Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорынсыз қалған, отбасылық үлгідегі балалар үйлері мен асыраушы отбасыларындағы балаларды мемлекеттік қолдау	52 366
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	300
			039	Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау	300
	2			Әлеуметтік көмек	1 629 625
		256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	776 034
			003	Мүгедектерге әлеуметтік қолдау	776 034
		261		Облыстың білім басқармасы	853 591

			084	Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау	853 591
9				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	15 418 229
		256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	15 330 210
			001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	254 901
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 302
				Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік	

			018	әлеуметтік тапсырысты орналастыру	363 809
			044	Жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру	8 657
			053	Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	92 480
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	350 707
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	14 254 354
		752		Облыстың қоғамдық даму басқармасы	59 532
			050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	59 532
		270		Облыстың еңбек инспекциясы бойынша басқармасы	28 487
			001	Жергілікті деңгейде еңбек қатынасын реттеу саласындағы мемлекеттік	27 677

				саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	810
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	11 835 848
	1			Тұрғын үй шаруашылығы	523 951
		279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	523 951
			054	Жеке тұрғын үй қорынан алынған тұрғынжай үшін азамматардың жекелеген санаттарына төлемдер	523 951
	2			Коммуналдық шаруашылық	11 311 897
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	1 068 793
			030	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	1 068 793
		279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	10 243 104
			001	Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	74 487

			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	268 762
			114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	9 899 855
08				Мәдениет, спорт , туризм және ақпараттық кеңістік	11 858 825
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	4 605 310
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	81 589
			016	Мәдениет объектілерін дамыту	81 589
		273		Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	4 523 721
			005	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	3 378 221
			007	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	380 953
			008	Театр және музыка өнерін қолдау	764 547
	2			Спорт	4 386 131
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	1 121 560
			017	Спорт объектілерін дамыту	1 121 560
				Облыстың дене шынықтыру	

		285		және спорт басқармасы	3 264 571
			001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	53 846
			002	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	109 288
			003	Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы	2 986 224
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	115 213
	3			Ақпараттық кеңістік	1 779 130
		264		Облыстың тілдерді дамыту басқармасы	169 170
			001	Жергілікті деңгейде тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	51 262
				Мемлекеттік тілді және Қазақстан	

			002	халқының басқа да тілдерін дамыту	84 279
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	33 629
		273		Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	290 974
			009	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	77 545
			010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	213 429
		743		Облыстың цифрлық технологиялар басқармасы	465 040
			001	Жергілікті деңгейде ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету, жобалық басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	131 197
			008	"Ақпараттық технологиялар орталығы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қамтамасыз ету	315 792
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	18 051

		752		Облыстың қоғамдық даму басқармасы	853 946
			009	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	853 946
	4			Туризм	182 312
		284		Облыстың туризм басқармасы	182 312
			001	Жергілікті деңгейде туризм саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	37 521
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 964
			004	Туристік қызметті реттеу	137 540
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	5 287
	9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	905 942
		273		Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	467 034
			001	Жергілікті деңгейде мәдениет және архив ісін басқару саласындағы мемлекеттік	35 607



				саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	17 500
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	413 927
		752		Облыстың қоғамдық даму басқармасы	438 908
			001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	102 609
			005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	81 675
			006	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	251 624
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	3 000
09				Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	11 553 490
	1			Отын және энергетика	4 135 109
		279		Облыстың энергетика және тұрғын	4 135 109

				үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	
			050	Жылыту маусымын іркілссіз өткізу үшін энергия өндіруші ұйымдардың отын сатып алуға шығындарын субсидиялау	3 528 114
			081	Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу	606 995
	9			Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану саласындағы өзге де қызметтер	7 418 381
		279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	7 418 381
			071	Газ тасымалдау жүйесін дамыту	7 418 381
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	3 851 108
	1			Ауыл шаруашылығы	1 295 261

		255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	302 116
			001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	85 760
			003	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	244
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	216 112
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	911 863
			020	А у ы л шаруашылығы объектілерін дамыту	911 863
		719		Облыстың ветеринария басқармасы	81 282
			001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	81 282
	2			С у шаруашылығы	208 956
		255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	208 956
			069	Ерекше авариялы су шаруашылығы құрылыстары мен гидромелиораци	208 956

				ялық жүйелерді қалпына келтіру	
	3			Орман шаруашылығы	1 242 034
		254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	1 242 034
			005	Ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру	1 206 082
			006	Жануарлар дүниесін қорғау	35 952
	5			Қоршаған ортаны қорғау	233 892
		254		Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	232 663
			001	Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	119 065
			008	Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар	10 801
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	102 797
		279		Облыстың энергетика және тұрғын	1 229

				үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	
			027	Қоршаған ортаны қорғау объектілерін дамыту	1 229
	6			Ж е р қатынастары	43 965
		251		Облыстың жер қатынастары басқармасы	43 965
			001	Облыс аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	34 879
			003	Ж е р қатынастарын реттеу	9 086
	9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	827 000
		266		Облыстың кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы	827 000
			030	Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін мамандандырылған ұйымдарға кредит беру	827 000

11				Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	12 258 772
	2			Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	12 258 772
		271		Облыстың құрылыс басқармасы	12 080 417
			001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	88 002
			005	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 000
			114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	11 987 415
		272		Облыстың сәулет және қала құрылысы басқармасы	123 336
			001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	36 759
			002	Қ а л а құрылысын дамытудың кешенді схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	58 520

			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	250
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	27 807
		724		Облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы	55 019
			001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	55 019
12				Көлік және коммуникация	11 812 987
	1			Автомобиль көлігі	8 580 286
		268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	8 580 286
			002	Көлік инфрақұрылымын дамыту	3 735 432
			003	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	2 249 105
			025	Облыстық автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	2 595 749
	4			Әуе көлігі	739 375

		268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	739 375
			004	Жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша тұрақты ішкі әуетасымалдарды субсидиялау	739 375
	9			Көлік және коммуникациялар саласындағы басқарма қызметтері	2 493 326
		268		Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы	2 493 326
			001	Жергілікті деңгейде көлік және коммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтері	18 416
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	1 069 562
			114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	1 405 348
13				Басқалар	8 641 404
	3			Кәсіпкерлік қызметті қолдау және бәсекелестікті қорғау	280 000



		266		Облыстың кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы	280 000
			005	"Бизнестің жол картасы - 2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау	150 000
			008	Кәсіпкерлік қызметті қолдау	110 000
			082	"Бизнестің жол картасы-2025" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беру	20 000
	9			Басқалар	8 361 404
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	186 135
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	186 135
		257		Облыстың қаржы басқармасы	565 737
			012	Облыстық жергілікті атқарушы органының резерві	565 737

		258		Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы	21 000
			003	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу	21 000
		261		Облыстың білім басқармасы	1 568 598
			079	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	1 550 977
				Мемлекеттік-жекешелік әріптестік	

			096	жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	17 621
